

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№2(127)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,  
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## Мазмұны

### Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві .....777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар) .....	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі) .....	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы .....	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер .....	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы .....	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар .....	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі .....	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер .....	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы .....	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы .....	98-106
<b>Лингвистика және әдістеме</b>	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері .....	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде) .....	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар .....	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер .....	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы .....	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті .....	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагүлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері .....	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары) .....	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі .....	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай .....	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация .....	210-217

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales .....	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years) .....	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature) .....	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature .....	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose .....	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda») .....	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature .....	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments .....	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov ....	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev .....	98-106

### *Linguistics and methodics*

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language .....	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms) .....	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior .....	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment .....	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language .....	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov .....	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics .....	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages .....	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages) .....	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms .....	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China .....	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation .....	210-217

---

---

## Содержание

### Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках .....	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы) .....	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности) .....	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы .....	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе .....	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда» .....	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана .....	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева .....	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников .....	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова .....	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Қулейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Магжана Жумабаева .....	98-106

### Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка .....	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов) .....	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения .....	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Қожамқулова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда .....	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке .....	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова .....	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании ... ..	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках .....	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов .....	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай .....	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация .....	210-217

XFTAP 17.07.51

**Айжан Ғұбайдуллина, Болат Қорғанбеков**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: gubaidullina\_abb@mail.ru)

### **«Дариға қыз» және «Қисса Шаһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы**

**Аңдатпа.** Қазақтар арасында ауызша да, кітаби түрде де кең тараған діни мазмұндағы шығармалардың қатарында «Дариға қыз» және онымен мазмұндас «Қисса Шаһизинда» дастандарын атауға болады. «Дариға қызды» алғаш рет М.Жұмашұлы, ал «Қисса Шаһизинданы» Ж.Шайхысламұлы жариялаған. Екі дастанда да көптеген діндерде құтқарушы ретінде көрсетілетін Мәһди бас кейіпкер болып көрінеді. Алайда бұл екеуіндегі Мәһдидің ата-анасы мен дүниеге келуі жайындағы мәліметтерде елеулі діни-дүниетанымдық айырмашылықтың көрінісі бар. «Дариға қыз- да» шиғалық көзқарастың орны елеулі түрде көрінеді. Діни ұстанымы сүнниттік болғаны айқын Ж.Шайхысламұлының «Қисса Шаһизиндасында» «Дариға қыздағы» осы ұстанымды терістеу мақсатында, Шығыс әдебиетіндегі «жауап» дәстүрінің арнасында жазғаны аңғарылып тұрады. Бұл екі кісіні де аталған дастандардың авторы деп айту қиын. Екі дастанның да мазмұнынан және көркемдігінен олардың фольклорлық айналымда көп болғаны және әуелгі шығарушылары оларды халық аузында айтылған аңыздар негізінде тудырғаны көрініп тұрады. Екі шығарманы салыстыра зерттеу фольклор мен жазба әдебиеттің өзара байланысын, қазақ даласындағы діни көзқарастардың сөз өнерінде із қалдыруын тереңірек тануға жол ашады.

**Түйін сөздер:** М.Жұмашұлы, Ж.Шайхысламұлы, діни дастан, фольклорлық сарын, нәзира, джауаб.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-45-51>**

**Кіріспе.** XX ғасырдың басы қазақ даласында сан алуан саяси, мәдени, дүниетанымдық ағымдар мен бағыттардың белсенді қатар және қарама-қайшы әрекет еткен кезеңі болды. Оның ізі сол тұстағы сөз өнерінде жақсы бедерленіп қалды. Бұл күрделі кезеңдегі сан алуан үдерістердің астарында діни дүниетанымның ықпалы да күшті болғаны мәлім. Қазақ халқы өзін исламның сүнниттік бағытында, шариғи мәселелер бойынша Имам Ағзам мәзхабындамыз деп есептегенімен, бұдан өзге де діни көзқарастардың елеулі орын алғанын діни мазмұндағы шығармалардан аңғаруға болады. Осындай көзқарастар қайшылығын танытатын, бір сюжетті түрліше жырлаған «Дариға қыз», «Қисса Шаһизинда» дастандарын зерделеу арқылы сол тұстағы қазақ даласындағы рухани үдерістердің бір ұштығына қол жеткізгендей боламыз. Оларды хатқа түсірген М.Жұмашұлы мен Ж.Шайхысламұлының діни танымы аталмыш шығармалардың арасындағы мазмұндық алшақтықтың тууына себеп болған. Алайда олардағы діни мазмұн халықтық эстетикалық талғамның тасасында қалып қойған.

**Зерттеудің басты мақсаты** – «Дариға қыз» және «Қисса Шаһизинда» дастандарындағы мазмұндық және көркемдік ұқсастықтар мен айырмашылықтарын себебін көрсету. Олардағы фольклорлық пен дара шығармашылықтың үлесін айқындау. Бұл мақсаттан мынадай міндеттер туындайды:

- «Дариға қыз» дастанының пайда болуына М.Жұмашұлының қатысын көрсету;
- «Дариға қыз» дастанындағы Мәһди бейнесінің даралық сипатын пайымдау;
- «Қисса Шаһизинда» жазылуындағы Ж.Шайхысламұлының орнын айқындау;
- екі дастанның арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтардың сырын ашу;
- екі дастанның фольклорлық және Шығыс әдебиетіндегі көркемдік дәстүрлерге қатысын таныту;



- екі шығармадағы фольклорлық сарындардың үлесі мен көркемдік қызметін саралау;
- екі шығармадағы жеке шығармашылықтың үлесін пайымдау.

Мақаланың жазылу барысында *салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, кешенді зерттеу әдістері* қолданылды.

**Талдау мен нәтиже.** «Дариға қыз» дастанының шығу тегі жағынан фольклорлық екендігі айқын аңғарылады. М.Жұмашұлының бұл дастанға қатысы авторлықтан гөрі, хатқа түсірушіге жақынырақ. Дегенмен ол қазақ дастандарында және өзге де эпикалық туындыларды кездесе бермейтін шиғалық ұстанымдағы Мәди бейнесін жасаған. Ж.Шайхысламұлы осы көзқарасты терістеу бағытында «Қисса Шаһизинданы» жазған. Алайда ол да дайын, өзіне дейін болған сюжет пен образдарды пайдаланғандықтан, оны да туындының толыққанды авторы деп есептеу қиын. Дегенмен «Қисса Шаһизинданың» жазылу мақсатында Шығыс әдебиетіндегі жауап дәстүрі басты орын алған. Бірақ, екі дастанда да фольклорлық дәстүрлі сарындардың үлесі басым. Бұл фольклорлық сарындар қос шығарманың халық арасында кең тарауына мүмкіндік берген. Олар ауызша да, жазбаша да қатар тараған. Қазақтар арасында ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап кітаби дастандар кең тарай бастады. Олардың үлкен бір шоғырын діни мазмұндағы туындылар құрайды. Солардың қатарында «Дариға қыз» және «Қисса Шаһизинда» дастандары да бар. Бұл екі дастан ортақ сюжетке құрылған. Олардың арасында мазмұндық-сюжеттік байланыс көп. Оның өзіндік себептері бар. Біз бұл мақаламызда, негізінен алғанда, осы мәселені жан-жақты ашып көрсетуді мақсат еттік. «Дариға қыз» дастанын алғашқы жариялаушы – Мәулікей Жұмашұлы. Ол 1836 Тобыл губерниясынан Ялутур уезіне қарасты Сейінғұл болысында туылған деген деректер бар. Ал қайтыс болған жылы белгісіз. Мәулікейдің жариялаған шығармаларының қатарында «Қисса Салсал», «Қисса Сейітбаттал», «Қисса Наушаруан», «Қисса Гүлжәмила қыздың хикаясы», «Диуана Шейх Бұрқы», «Қисса Тамимдер», «Дариға қыз», «Жұмжұма» дастандары айтылып жүр [1].

«Дариға қыз» дастанының М.Жұмашұлына қаншалықты тиесілі екендігі әлі айқындалмаған басы ашық мәселе. Біз ол жайында арнайы мақала жариялаған болатынбыз [2, 181-183 б.]. Дастанның негізгі жариялаушысы Мәулікей болғандықтан, шығарма соның атына телініп жүр. «Дариға қыз», «Қисса Шаһизинда» дастандары «Бабалар сөзі» көп томдығында жариялануы көпшіліктің оны фольклорлық туынды деп есепке алғандығын көрсетеді. Яғни «Дариға қыз» телініп жүрген М.Жұмашұлын да, «Қисса Шаһизинда» телінген Ж.Шайхысламұлын да бұл шығармалардың авторы деп айту қиын. Бұл дастандар, негізінен алғанда, халық арасында ауызша тараған фольклорлық туынды болуға тиіс. Әуелгі шығарушысы діни сауатты адам болғанымен, ол ауызша кең тарап, қарапайым халық танымына сай қайта өңделген. «Дариға қыз» дастанының хатқа түскен бірнеше нұсқалары бар. Атап айтсақ, «Дариға қыз қиссасы», «Ер Ғали мен балуан Дариға қыздың күрескен мәселесі», «Әли батыр», «Дариға қыз», «Қыз Дариға», «Қыз Дариға мен Әзірет Әлидің күресі», «Әзірет Әли мен Дариғаның күресі» [3, 106-107 б.].

Бұдан дастанның едәуір кең тарағандығын байқаймыз. «Дариға қыз» алғаш жария болғаннан кейін, оның артынша-ақ, 1898 жылы Ж.Шайхысламұлы «Қисса Шаһизинда» дастанын жариялады. Бұл екеуін бір сюжетке құрылған туынды деп есептеуге болады. Ж.Шайхысламұлының Мәулікей жариялаған шығарманың сюжеттік желісін біршама өзгертіп, өңдеп, басқа атпен жариялауында бірнеше себептер бар. Бұл себептерді көрсетпес бұрын олардың арасындағы айырмашылықтарға тоқталып өтуіміз қажет. Бұлардағы айырмашылықтарды Б.Әзібаеваның «Қазақ дастандары» еңбегіндегі салыстырулар бойынша бере кетейік: *«Мысалы, «Дариға қызда» (Мәулікей нұсқасы) Қатыран қала атауы болса, «Шаһизинда» (Жүсіпбек нұсқасы) дастанында ол – патшаның есімі. Мұнда қаланың аты – Самарқан; шығарманың кіріспесі бірінші нұсқада тым қысқа жазылған; сондай-ақ мұнда Әли батырға жолығатын кісі кемпір болса, екінші нұсқада ол – қарауыл; алғашқы ва-*

риантта Дариға алтын діңгекке өзі келсе, екіншісінде қызметкерлері кілемге отырғызып әкеледі. Мәулікейде – қыздың әкесі бар болса, Жүсіпбекте қайтыс болған; бірінші нұсқада Әли хазірет пен Дариға он төрт күн күрессе, Жүсіпбекте он бес күн алысады; Шаһизинда «әкесінің Әли екенін» балалардың аузынан естисе, Жүсіпбекте – кемпірден естиді. Мәулікейде Шаһизинда Мекке-Мәдинеге керуенге ілесіп барса, Жүсіпбек нұсқасында «Қызыр бабаның жол сілтеуімен» тез жетеді т.б.» [3, 108 б.].

Бұл жерде әрине нәзіралық дәстүрдің де ізі бар. Бірақ бұны тек қана нәзіралық дәстүрге қатыстырып қойсақ жеткіліксіз болар еді. Өйткені, Ж.Шайхысламұлының бұл дастанды жазуда М.Жұмашұлымен көзқарасындағы қайшылықты, келіспеушілікті аңғарамыз. Бұрыннан келе жатқан мұндай көзқарас шығыс әдеби дәстүрлерінде де бар. Оның біреуі – «жауап», біреуі – «қиная» деп аталады [4, 3 б.].

Ж.Шайхысламұлының Мәулікеймен жарыса бір сюжетке шығарма жазуында нәзіраның да, жауаптың да, қинаяның да сипаттары бар. Нәзира – шығармашылық жарысты білдірсе, жауап – өзге шығармаға деген диалогтық қатынасты білдіреді. Бұл жерде келіспеушілік көбірек байқалады. Себебі Ж.Шайхысламұлы өңдеуінде бас кейіпкерлердің аты ауыстырылған. Бұлардың бәрі ненің себебінен шықты деген сұраққа жауап алу үшін, Ислам тарихына біраз үңілудің қажеттілігі туады. М.Жұмашұлы өзі жариялаған «Дариға қыз» дастанындағы бас кейіпкер имам Мәһди, әуелден өзге діндерде де бар. *Иудаизмде Машиах* деп аталса, *христиандықта Мессия* делінеді [5, 98-111 б.].

М.Жұмашұлы өзі жариялаған дастанының бас кейіпкерін Исламдағы құтқарушы бейнесімен байланыстырып жіберген. Бірақ оның көзқарасында шиғалық (шиизм) бағыттың ұстанымы байқалады. «*Шиизмнің негізгі құтқарушы тұлғасы ретінде 12-ші имам Мұхамед Абуль Қасым болды. Ол 873 жылы Бағдатта дүниеге келген. Шамамен 12 жасында жоғалып кеткен. Кейін уақыты келгенде осы бала Мәһди «Құтқарушы» болып халыққа шығады деген түсінік бар*» [5, 68 б.]. Сондай-ақ мұны біз мәтіннен де байқаймыз. Мәтіннің ішінде М.Жұмашұлы имам Мәһди деп айтып отырады. Бұдан біз М.Жұмашұлының шиғалық көзқарастағы ұстанымды жырға қосқандығын байқаймыз. Ал енді М.Жұмашұлының өзінің шиғалық бағытқа қаншалықты қатысы бар екендігін біз әлі анықтаған жоқпыз. Бұл мәселеде оның өмір деректері көбірек іздестірілуі керек. Ал қазір тек М.Жұмашұлы шиғалық көзқараста болуы мүмкін деген болжам ғана айтуға болады. Ал шиғалық бағытты қолдамайтын, өзінің сүнниттік бағытта екені мәлім Ж.Шайхысламұлы осы Мәулікей берген мәліметтерді реттеу үшін, өзі есептеген қателікті орнына келтіру мақсатында «Қисса Шаһизинда» дастанын жазған болуы тиіс.

**Шаһизинда** – тарихта болған, Мұхаммед с.ғ.с пайғамбардың немере інісі Кусам Ибн Аббастың лақап есімі. Халық аузындағы аңыз бойынша, ол Ислам дінін тарату мақсатында Самарқанд қаласына келеді. Дін дұшпандарымен соғыста басынан айрылады. Аңыз бойынша, ол кесілген басын қолымен көтеріп, қуысқа кіріп кетеді. Халық оның жерге кіріп кеткен тұсын жәннаттың орналасқан жері екен деп аңыздайды [6, 66 б.]. Бірақ оны жұрт ешқашан Мәһдимен байланыстырған емес. Бұл туралы жақсы білген Ж.Шайхысламұлы М.Жұмашұлының редакциясын дұрыс деп таппаған. Сөйтіп, өзі қателік деп есептеген мәліметті дұрыстау мақсатында «Қисса Шаһизинданы» жазған. Осыған байланысты, бұл дастанның пайда болуында шығыстық «жауап» дәстүрінің орны үлкен дей аламыз.

Ж.Шайхысламұлы қандай өзгерістер жасады дейтін болсақ, біріншіден, оның нұсқасында 12-ші имам деген көзқарас мүлдем жоқ. Бұрыннан айтылып келе жатқан жердің астына кіріп кету сияқты фольклорлық сарынның шиғалық көзқараспен астасып кетуі де мұнда байқалмайды.

Екі дастан да, негізінен алғанда, фольклорлық сарындарға өте бай. Бұл шығарманың халық шығармашылығында едәуір айналымға түскендігін байқатады. Бұнда ежелден келе жатқан дәстүрлі сарындар мол. Екеуінде де алып қаһарман әйелдің бейнесі бар. Күресіп,

өзімді жеңген жігітке тұрмысқа шығамын деп жар салып, бас қаһарманмен жойқын күрес нәтижесінде жеңіліске ұшырап, оған жар болатын алып қыз – әлем халықтарының сөз өнерінен кең орын алған типологиялық бейне. Мысалы, «Қорқыт ата кітабындағы» Бамсы-Бәйрек туралы жырда Бану-Шешектің Бамсымен күресіп, тұрмысқа шығатыны бар [7, 49 б.]. «Қорқыт ата кітабындағы» бұл эпизод халық дастандарынан да кең орын алған. В.М.Жирмунский «Алпамыс батырдың» Фазыл Юлдашев жырлаған вариантындағы Баршынның бейнесінің де осы үлгімен жасалғанына көңіл бөледі [8, 40 б.]. Бұл сарынды әлем халықтарының фольклорынан көптеп табуға болады.

Әке мен баланың бірін-бірі танымай күресуінің тұрақты сарын ретінде кең тарауына Фирдоусидің «Шаһнамасының» тигізген әсері зор. «Шаһнаманың» Рүстем мен Зорабқа арналған тарауында осы сарын басты орын алынған. Дастанның бұл бөлімі ХХ ғасырдың басындағы аудармалар арқылы қазақтар арасында кеңінен танымал болды. Оны аударғандар – Т.Ізтілеуұлы [10, 312 б.] мен М.Сералиндер [11, 260 б.]. Орыс былиналарының ішінде де осы сарын орын алған шығармалар кездеседі. Мәселен, Илья Муромецтің өз ұлымен соғысын бейнелейтін сарын орыс фольклорында өте кең тараған [12, 283 б.]. «Шора батыр» жырының татар варианттарында да осы бар. Мұнда бас қаһарман орыс қызына үйленеді. Мұсылмандықты қабылдамаған ол қыз батырдан жүкті болған соң, өз еліне қашып кетеді де, батыр кейін орыс қызынан туылған өз ұлымен күреседі [9, 30 б.].

Өте ерте замандардан келе жатқан жар таңдау сарының да екі дастандағы орны бөлек. Зерттерушілердің пікірінше, бұл сарын анаеркі (матриархат) дәуірінде қалыптасқан. Бұл туралы фольклортанушы С.Қасқабасов былай дейді: *««Қамбар батыр» жырындағы қыздың күйеу таңдағаны жайындағы сюжетке келетін болсақ, бұл да – ең ескі сюжеттердің бірі, ол ежелгі аналық ру дәуіріне меңзейді. Бірақ, әрине, кейінгі аталық ру уақытында басқа мәнге ие болған да, қыздың күйеу таңдауы – әкесінің ісі болып көрінеді. Сөйтіп, қыз әкесінің бұйыруы бойынша елдегі бүкіл еркекті шолып, өзіне Назым күйеу таңдауға мәжбүр болады. Рас, кейбір ертегілерде патшаның қызы өз еркінше күйеу таңдайды, алайда оның бұл қылығы, көп жағдайда, – тәлпіштік, еріккендік, хан қызының ойына келгендігін істегендік деп бағаланады»* [13, 451 б.]. Бұл сарын қазақ фольклорында «Қамбар батырдан» басқа «Қобыланды батыр» мен эпостарынан байқалады. «Қобыланды батырда» – Құртқа да Назым сияқты жар салып, өзінің күйеу таңдайтын шарттарын жариялайды. «Дариға қыз» бен «Қисса Шаһизинда» да Дариғаның қойған шарттары осыған ұқсайды.

Екі дастандағы бас қаһарманның өзінің әкесі жайында кездейсоқ білуі де – кең тараған фольклорлық сарын. Ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс батыр» жырларында, «Ер Төстік» ертегісінде және көптеген халық туындыларында кездеседі.

Сондай-ақ, жерге кіріп кету де – фольклорлық дәстүрлі сарын. Бұл сарынға құрылған біршама аңыздар бар. Мысалы, «Жылаған ата» аңызы. *«Құрышқан ата мен Шаш ана екі бөлек тұрыпты. Бір күні ай-күні жеткен Шаш ана еріне келе жатып, жолшыбай арбаның (үлкен екі дөңгелекті арба) үстінде босаныпты-мыс. Бірақ мес (перделі бала) табады. Осы төңіректе «Мес» деген жер бар. Оны Шаш ананың месті туған жері дейді екен. Бірақ Құрышқан атаға жеткенінше арбаның шайқатылуымен мес жарылып, бір бала шығады да, тұра қашады. Шешесі соңынан тұра қуады. Ақыры жетуге айналғанда бала «Қара тас, жарыл!» деп айқайлапты-мыс. Сол кезде таудан ұңгір пайда болып, бала соған кіріп жоқ болады. Сол бала кейіннен Жылаған ата деген әулие атанады»* [14, 123]. Қандай да бір үңгірге, жердің қуысына кіріп кетіп қиямет қайымда қайта шығатын адамдар болады деген түсінік ислам дүниесінде кең тараған. Ол Құранның өзінде де бар. Құранның 18-ші, «Кәһф» сүресінде айтылған.

«Қисса Шаһизинда» мен «Дариға қыз» дастандарын, негізінен алғанда, таза діни шығарма деп айтуға толық келмейді. Себебі, бұл жерде діни нақтылықтан гөрі, аңыздық сипат басым. Бірақ олардағы басты кейіпкерлер ислам тарихында бар, дін қайраткерлері.

Атап айтсақ, Әзірет Әлі, Фатима т.б. тарихта болған адамдар. Дәстүрлі сарындардың молдығынан бұл туындылардың халық арасында едәуір ауызша айтылғандығын көреміз.

Ж.Шайхысламұлының бұған дейін де қате басылған туындыларды түзету мақсатында еңбектенгені мәлім. Мәселен, «Қыз Жібек» жырын бірнеше рет қайта бастырғаны мәлім. Алайда оны «Қыз Жібектің» авторы ретінде қарауға болмайды. Дегенмен, қате басылған туындыларды, көзқарас, стиль, тіл тазалығы тұрғысында түзету жұмыстарын жасағандығы белгілі. Ж.Шайхысламұлының «Қисса Шаһизинда» дастанын да М.Жұмашұлы жариялаған «Дариға қыздағы» діни-теологиялық көзқарасты қате деп есептегендіктен жазғанын әлі де айқындай түсу қажет. Бұл, *бір жағынан*, қазақ даласындағы діни көзқарастардың бір-бірімен қарым-қатынасын, қайшылығын, байланысын көрсетсе, *екіншіден*, көне шығыстық дәстүрлердің қазақ топырағында ХІХ ғасырда да жалғасқандығын аңғартады.

